



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

5. 5.China's Arctic Policy; [http://www.xinhuanet.com/english/2018-01/26/c\\_136926498.htm](http://www.xinhuanet.com/english/2018-01/26/c_136926498.htm), Silk Road on Ice.[http://www.xinhuanet.com/english/2017-07/04/c\\_136417241.htm](http://www.xinhuanet.com/english/2017-07/04/c_136417241.htm)
6. Цуй Цимин. Один плюс один - больше двух!  
<http://www.belta.by/ru/person/interview?id=514671>
7. Шанхай Ынтымақтастық ұйымының мүше мемлекеттер басшыларының Астана декларациясы <http://rus.sectsco.org/documents/>

ӘОЖ 327.8

## ҚЫТАЙДЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫ АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Амзенова Жанель Жанатовна

[zhanel500@mail.ru](mailto:zhanel500@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаларық қатынастар факультетінің 3 курс студенті,  
Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі- Г.М.Джумадилова

Жаһандық дамудың ауырлық орталығының Азия-Тынық мұхит аймағына қарай жылжуына байланысты Орталық Азияның Еуразия құрлығының геосаяси орталығы (хартлэнді) ретіндегі саяси маңыздылығы арта беруде. Бұл ерекше, ауқымды аймақ пен Қытай мемлекеттері тарихи және географиялық себептермен тығыз байланысты. Соңғы жылдары Қытайдың осы өңірмен қарқынды дамып келе жатқан ынтымақтастығы алға басуда. Соңғы онжылдықта Қытай Орталық Азия елдерімен, әсіресе жақын көршілерімен, тығыз байланыстағы қарым-қатынас орнатқан. Қытай мүдделерінің шеңбері қауіпсіздікті, саясатты, сондай-ақ экономикалық және мәдени даму мәселелерін қамтиды.

Пекинде Орталық Азия қазіргі Қытайдың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде стратегиялық маңызды рөл атқарады деп есептеледі. Ресеймен қатар, бұл аймақ Қытай үшін бірқатар тыл қызметін атқарып отыр, әсіресе АҚШ әскери көңілінің Тынық мұхиті бассейніне бағытталуы Пекиннің алаңдатушылығын туғызып, бұл аймақта екі күш орталықтары арасындағы бәсекелестіктің өсуіне әкелді.

Талдау негізінде Қытайдың Орталық Азиядағы қызығушылықтарын анық әрі салыстырмалы сипатта көрсету үшін «мәселелік ағаш» анализ түрі қолданылды. Оның нәтижесінде Қытайдың қызығушылықтары келесідей топтастырылды:



**1- кесте. Қытайдың Орталық Азиядағы қызығушылықтары бойынша матрица**

	Территориалдық	Экономикалық	Әскери	Геосаяси	Үшінші мемлекеттердің қызығушылықтары	Ресурстық	Терроризммен күрес	Нәтиже
Территориалдық	x	+/-	+/-	0	0	+/-	0	2
Экономикалық	0	x	+/-	+	+/-	+	+/-	4,5
Әскери	+/-	+/-	x	+/-	+/-	x	x	3
Геосаяси	+	+	+/-	x	+/-	+/-	+/-	5
Үшінші мемлекеттердің қызығушылықтары	0	+/-	+/-	+/-	x	0	+/-	2
Ресурстық	+/-	+	x	+/-	+	x	0	3
Терроризммен күрес	0	+/-	+	+/-	+/-	0	x	2,5

**Қытайдың Орталық Азиядағы қызығушылықтары бойынша матрица нәтижелері**

Территориалдық	2
Экономикалық	4,5
Әскери	3
Геосаяси	5
Үшінші мемлекеттердің қызығушылықтары	2
Ресурстық	3
Терроризммен күрес	2,5

1.Геосаяси: Еуразияның орталығында орналасуы, Қытай үшін Орталық Азия мемлекеттерінің стратегиялық маңыздылығын арттырады; Аймақтағы Қытай ықпалын күшейту;

2.Экономикалық: сыртқы сауда- экономикалық серіктестіктің ең серпінді бағыты; инвестициялық іс-әрекеттер – ОА мемлекеттерінің экономикасына әсер ету мүмкіндігі (негізінен мұнай, тау-кен, телекоммуникация, транспорттық инфрақұрылым салаларында); аймақтың транзиттік потенциалын пайдалану;

3.Ресурстық: энергетикалық табиғи ресурстарға бай болуы – Қазақстан - мұнай; Түрікменистан – газ;

4. Әскери: Қытайға қарсы әскери одақтарды құруға жол бермеу;

5.Терроризм және экстремизммен күрес: Ауғанстан - Талибан қозғалысының нығаюы (Мысалы ретінде 1992 жылы Тажікстандағы соғыс); Өзбекстан- Өзбекстанның ислам қозғалысы (ИДУ) және Хизб-ут-Тахрир исламдық қозғалысы- өздерінің мақсаттары ретінде Моңғолиядан Каспий теңізінің жағалауларына дейін Халифат құру мақсаттарын қояды. Бұл жобаға сызба бойынша- Шынжаң-Ұйғыр автономиялық орталығы да кіреді.

6.Үшінші мемлекеттердің қызығушылықтары: АҚШ қызығушылықтары; Ресей қызығушылықтары;

7. Территориалдық: шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету - Батыс Шынжаң-Ұйғыр автономды аумағында (СУАР);

Қытай мемлекетінің Орталық Азияға қатысты саясатының стратегиялық маңызды алғышарттарының бірі-КХР-дің ішкі саясатындағы күн тәртібіндегі мәселе- мемлекеттің

батыс аймақтарын дамыту. Бұның көптеген өзіндік саяси және геосаяси себептері бар. Қытайдың батыс аймақтары басқаларына қарағанда Орталық Азиямен әлдеқайда тығыз байланысқан. Мысалы, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының саудасының төрттен үші Қазақстанға келіп отыр. Қытайдың бағдарламалық құжаттарында Орталық Азияның батыс аудандарының дамуына ерекше көңіл бөлінуде. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін Пекин көптеген іс-әрекеттер мен құралдарын пайдалануға дайын. Қытайдың мемлекеттік кеңесінің санкциясынан, сыртқысаяси ведомствосі шығарған - «Жібек жолының экономикалық белдеуін біріге отырып құрудың практикалық шаралары мен тамаша келешегі» және «XXI ғасырдағы теңіз Жібек жолы» атты құжаттарында «Шыңжаңның ерекше географиялық артықшылықтарын Батысқа шығудың жолы ретінде тиімді пайдалануымыз керек – «Жібек жолының экономикалық белдеуі» арқылы Орталық Азия, Оңтүстік және Батыс Азия мемлекеттерімен алмасу мен серіктестікті тереңдетіп, транспорттық торап құру, бизнес-логистика мен мәдениет, білім және ғылымның орталықтарын құру қажеттігі туралы айтылады.

Қытайдың Орталық Азиядағы экономикалық қатысуы жыл сайын жүйелі және кешенді сипат алып жатыр. Өз экономикалық саясатын Қытай 3 басты бағыт бойынша жүргізіп жатыр. Соның біреуі- сыртқы сауда. Сыртқы сауда - Орталық Азия елдері мен Қытайдың экономикалық ынтымақтастығының ең серпінді бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасының бас импортерлері үштігіне 2017 жылғы қазан айындағы көрсеткіштер бойынша Ресей, Қытай және АҚШ кіреді. 2017 жылғы қазанында Қытайдан Қазақстанға 3789 727,0 мың АҚШ долларына тауар импортталды[1]. Қазақстан тауар айналымы 2017 жылғы қазан айындағы дерек бойынша 6 675 375,20 мың АҚШ долларына тең, оның ішінде: импорт – 2 661 500,20 (39,9 %), экспорт – 4 015 875,0 (60,1%) [2]. Қазақстанның Қытайға экспортталатын тауарлары–химиялық заттар, шикізаттар, мұнай өнімдері мен мұнай, ал Қазақстанмен импортталатын тауарлар машиналар мен жабдықтар, темір, болат және металл өнімдері, құрылыс материалдары, халық тұтынатын тауарлар т.б. Қытайдың статистикалық мәліметтеріне сәйкес, 2017 жылы қаңтар-қазан айларындағы Қырғызстан мен Қытай арасындағы сауда айналымы \$1 млрд 289.4 млн (1,5 есе өсті). Қытайға жалпы экспорт көлемі \$48 млн, ал импорт - \$1 млрд 241.4 млн -ды құрады[3]. Қырғыз саудасында шикізаттық өнімдердің экспорты ,ал қытайлық саудада дайын өнімдердің импортының басымдылығы байқалған. 2017 жылы наурыздағы Өзбекстан - Қытай үкіметаралық комитетінің бесінші отырысындағы, сыртқыэкономикалық байланыстар, инвестиция және сауда министрі- Элер Ганиевтің мәлімдемесі бойынша, Өзбекстан мен Қытай арасындағы сауда айналымын 2020 жылға дейін 10 млрд-қа дейін жеткізу жоспарлануда. Атап айтқанда, Өзбекстан мен Қытай арасындағы тауар айналымы 2017 жылдың наурыз айында 4,2 млрд-тан асып түсті.[4]Тәжікстан мен Қытай арасындағы сыртқы сауда өзге мемлекеттермен салыстырғанда шағын көлемдерге ие.

Осыған сүйене отырып, келесі тұжырымдар жасалуы мүмкін. Қазақстан Қытаймен сыртқы сауда құрылымындағыосындай тенденцияларды сақтай берсе, экспортта шикізаттық бағдарлану және Қытай тауарларынан тәуелділіктен арылуға қиындық тудырады, өйткені арзан қытайлық тауарлар ұлттық өңдеу өнеркәсібін дамытуға және дайын өнімді өндіруге мүмкіндік бермейді. Қырғызстан туралы айтатын болсақ, бұл экспорт және импорт операцияларындағы теңгерімсіздік, атап айтқанда, Қытаймен теріс сауда сальдосы, оның негізгі сауда әріптесі ретінде Қытайдан тәуелділігін арттыра береді. Батыс аумақтардың, атап айтқанда Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық аймағының дамуы және олар арқылы Ресей мен континенттік Еуропа (Еуразия) нарықтарына шығу, Қытайдың экономикалық мүдделеріне жататындығын ескерсек, оның сауда кеңеюі тек қана өсетін болады.

Экспортқа келетін болсақ, Қытай Түрікменстан мен Қазақстанның өнімдері үшін басты нарыққа айналды. Осылайша Қытайдың Түрікменстанның экспортындағы үлесі бүгінгі таңда 68% -ды құрайды. Сонымен қатар, Ашхабадтың Қытайға экспорты тек қана көмірсутектердің тасымалдауынан тұратынын айта кету керек. Қазақстанға келетін болсақ, оның Қытайға экспорты 15%-ды құрайды. Мұнай мен газ тасымалдануы басым, бірақ тұтастай алғанда,

Қазақстан экспорты түркімен экспортына қарағанда әлдеқайда әртараптандырылған. Қытай Өзбекстан үшін екінші маңызды экспорттық серіктес болып табылады.

Қытай экономикасының Орталық Азиялық нарықтарға енуін қамтамасыз етуде кредиттер беру жүйесі де маңызды рөл атқарады. Бұл жобаларды салыстырмалы түрде төмен пайыздық мөлшерлеменен қаржыландыруды білдіреді, бірақ мұндай несиелердің ерекшелігі қытайлық материалдарды, жабдықтарды немесе жұмысты орындау кезінде еңбекті пайдалану болып табылады. Сондай-ақ, бизнестегі акция үлестерін беру, өнімдерді бөлу туралы келісімдерді қолдану сияқты шарттар қойылады. Осы тәжірибелерді қолдану қытайлық өндіріс ресурстарын пайдалануды барынша арттыруға, ал бизнестегі үлестерді беру, Орталық Азия экономикасының нақты секторларында Қытайдың экономикалық қатысуының біртіндеп кеңеюіне әкеледі.

Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық саясатына ықпал ету мүмкіндігі ретінде, тағы бір айтып кететініміз- инвестициялық қызмет. Қытайдың Орталық Азия елдерінің экономикаларына тікелей инвестицияларын елеулі деп атауға болмайды. Айта кету керек, Қытай өзінің Орталық Азиядағы инвестициялық қатысуын өте тез өсіріп келеді. Ең алдымен, бұл мұнай-газ саласына және тау-кен өнеркәсібіне қатысты. Энергияға деген қызығушылықпен қатар, ҚХР Орталық Азия елдерінің экономикасының телекоммуникация және көлік инфрақұрылымы секілді экономикасының салаларына назар аударады. Аймақтық жобаларын жүзеге асыруда Бейжін әр түрлі құралдар, арналар мен қаржыландыру схемаларының кең ауқымын қолданады. Қаржыландырудың басым бөлігі екі жақты негізде (тікелей инвестициялар, қарыздар, жеңілдетілген несиелер, гранттар), ал қалған қаржы халықаралық қаржы институттары мен ұйымдары (АДБ, ШЫҰ) арқылы бөлінеді. Пекиннің Орталық Азиядағы кең ауқымды іс-қимылының соңғы үлгісі Қытай мен Қазақстан арасындағы қарқынды экономикалық ынтымақтастықты кеңейту болды. 2017 жылдың 8-9 маусымындағы Астана қаласындағы ШЫҰ саммитінің барысында, тараптар \$ 7 млрд сомманы құрайтын 22 коммерциялық келісімдерге қол қойды. Келісімге сәйкес, Қытай Қазақстанның агро-химиялық кластерін дамытуға және Атырау облысында еркін экономикалық аймақ аумағында бірқатар жобаларға инвестиция құюға дайын. Сонымен қатар, Қытайдың Hydrochina Corporation корпорациясы мен қазақстандық «Самұрық-Энерго» холдингі Алматы облысында шағын су электр станцияларының желісін және жел электр станциясының құрылыс жобасы бойынша меморандумға қол қойды. Бұдан біраз уақыт бұрын - мамырдың ортасында, Өзбекстан мемлекет басшысының Шавкат Мирзиевтің Пекинге бірінші сапары барысында, жалпы соммасы \$ 20 млрд болатын бірнеше экономикалық келісімдерге қол қойылды. Бұл келісімдер, екі ел арасындағы ынтымақтастықты газ-химия және су энергетикасы саласында, сонымен қатар синтетикалық сұйық отын өндіру зауытын салу мен Қытайға табиғи газды жеткізу бойынша орта мерзімді келісімшарттың қабылдануын қарастырды.

Қытай үшін басымды болып табылатын тағы бір мәселе- энергетикалық қауіпсіздік. Сол себептен ірі энергетикалық ресурстарға бай Қазақстан мен Түрікменстан мемлекет үшін үлкен маңыздылыққа ие. Қытай энергетикалық салаға: пайдалы қазбалар, мұнай, газ, кең орындарын барлау, құбырлар, жолдар, маршруттар салуға т.б. көптеген қаражат құяды. Шикізат көздерін диверсификациялауды мақсат еткен Пекин үшін, Орталық Азияның Оңтүстік-Шығыс Азия, Латын Америкасы және Ресейдегі кен орындары сияқты шикізат қоймаларының қорларының бірі ретінде маңыздылығы артып отыр. Қытайдың мұнай импорты мәселесінде Таяу Шығыс мемлекеттерімен салыстырғанда, Орталық Азияның мүмкіндіктері шектеулі болып табылады. ВР-дің жыл сайынғы есебіне сәйкес, 2015 жылдың соңындағы жағдай бойынша Қазақстандағы дәлелденген мұнай қоры 30 млрд баррель (әлемдік үлесі 1,8%), газ қоры 0,9 трлн куб метрді (әлемдік үлесі 0,5%) құрайды[5]. Қазақстан мұнай қорының 70%-ы батыс аймақтарда шоғырланған, оның ішінде Қашаған – соңғы 40 жыл ішінде ашылған ірі мұнай кен орындарының бірі, әлем бойынша 9-орында. Қытайлықтарға тиесілі Қазақстанда өндірілетін мұнайдың нақты үлесін анықтап көрсету қиын, алайда Forbes.kz деректерінде ҚР территориясында Қытай қатысуымен жұмыс істейтін мұнай компанияларының кестесі

көрсетіледі. Көптеген мұнай саласының мамандары бұл кестенің растығын мойындайды.

Кесте-1. Қазақстанда Қытай мемлекетінің қатысуымен жұмыс істейтін мұнай компаниялары мен бұл компаниялардағы құнды қағаз қорындағы қытай үлесі[6].

<b>Компания аты</b>	<b>Қытай үлесі</b>
ОАО «СНПС-Актобемұнайгаз»	94,47%
АО «Мангистаумұнайгаз»	50%
АО «ПетроКазахстанКумкольРесорсез»	67%
ТОО СП «Казгермұнай»	50%
АО «ТоргайПетролеум»	50%
«Бозачи Оперейтинг ЛТД» (Бозачи Северные)	75%
ОАО «Каражанбасмұнай»	50%
ТОО СП «КуатАмлонМұнай»	100%
АО «СНПС-АйДанМұнай»	100%
ТОО «Сазанкурак»	100%
ТОО «ПотенциалОйл»	100%
<b>Компания аты</b>	<b>Қытай үлесі</b>
ТОО «ПрикаспианПетролеумКомпани»	100%
ТОО «СағызПетролеумКомпани»	100%
ТОО «Эмбаведьойл»	100%
ТОО «АдайПетролеумКомпани»	50%
АО РД «КазМұнайГаз»	11%
ТОО «КазахойлАктобе»	25%
ТОО «Каракудыкмұнай»	50%
ТОО СП «Арман»	25%
ТОО «Жамбай»	12,5%
АО «Ланкастер Петролеум»	87,96%
ТОО «Эмир Ойл» ЖШЗ (в процессе)	100%

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай 22 компанияның онында қытайлықтардың қатысуы 100%, тағы сегізінде 50%-дан жоғары.

Түрікменстанға келетін болсақ, қытайлық CNPC компаниясының 2016 жылдың 24 мамырында жасаған мәлімдемесіне сәйкес, компания Орталық Азия- Қытай магистральдік газ құбырлары желісі арқылы 2009-2016 жылдары жалпы көлемі-138,6 млрд м<sup>3</sup> табиғи газ тасымалдады[7].

Орталық Азия- Қытай магистральдік газ құбырлары желісі Түрікменстан мен Өзбекстан шекараларынан бастау алып, Өзбекстан мен Қазақстан территориялары арқылы өтіп, қытай шекарасымен Хоргос бақылау өткізу пунктінде қиылысады. МГҚ ортақ қуаты 55 млрд м<sup>3</sup>/жылына газ өткізетін 3 параллель желіден тұрады. 2020 жылға қарай 4-і желінің аяқталуы жоспарлануда.

2016 жылдың 1 кварталында Қытайға Орталық Азия- Қытай МГҚ арқылы 10,6 млрд м<sup>3</sup> газ өткізілді.[7] Түрікменстан газдың өткізу нарығының басты серіктесі ретінде Қытайды санап, бұл бағыттағы экспортты арттыруға жоспар құруда. 2017 жылы Түрікменстан газ табуды 9 %-ға арттырып, 83,8 млрд м<sup>3</sup>-қа дейін жеткізуді жоспарлайды, оның ішінде экспортқа 48 млрд м<sup>3</sup> газ жіберілуі тиіс.[7]

Қытайдың Орталық Азиядағы мүдделері діни экстремизмнің, терроризмнің таралуына байланысты кеңеюде. Бұл мәселеде Ауғанстан ерекше алаңдаушылық тудырады. Ауғанстандағы террористік топтар мен есірткі өндірушілердің іс-әрекеттері Орталық Азия аймағы үшін басты қауіп болып қала береді. Халықаралық қоғамдастықтың күш салуына



карамастан Ауғанстан халықаралық террористер үшін басты баспаналардың бірі болып табылады. Сонымен қатар «Талибан» қозғалысының Солтүстік Ауғанстандағы іс-әрекеттері қазіргі кезде үлкен алаңдатушылық туғызуда.

Ферғана алқабында екі діни топ белсенділік жасауда: Өзбекстанның Ислам қозғалысы (ӨИУ) мен «Хизб-ут-Тахрир» топтары. «Хизб-ут-Тахрир» Моңғолиядан Каспий теңізінің жағалауына дейін созылған халифатты құруға тырысады. Бұл схема бойынша Шыңжаң Ұйғыр автономиялық аймағы халифатқа да кіреді. Қытаймен жалпы шекарасы 25 шақырым болатын Ауғанстанда Ұйғыр сепаратистерінің дайындық өтетіндігі туралы хабарлар жиі түсуде. Жалпы айтқанда, террористік қозғалыстар Орталық Азиядағы және ҰҚШҰ ұжымдық қауіпсіздік аймақтарындағы тұрақсыздықтың басты себепшісі болуы мүмкін.

Орталық Азия аймағында сыртқы ойыншылардың мүдделері да бар. Аймақтық және жаһандық деңгейдегі басты әскери, саяси және экономикалық бәсекелес ретінде ҚХР-ны әлсіретуге бағытталған АҚШ саясатына айрықша назар аудару керек. Қытай мен Ресей кірмейтін механизмдері арқылы Орталық Азиялық мемлекеттерге әсер етіп, бақылау орнатуға, осылайша, аймақтық интеграциялық үдерістерден басқа ойыншыларды окшаулатуға тырысады. Аймақтағы ірі ойыншылардың бірі ретінде Ресейдің ұстанымы туралы айтатын болсақ, аймақ пен Ресей арасындағы ынтымақтастық қауіпсіздік, мұнай-газ және су энергетика салаларындағы энергетикалық жобалар, ЕАЭС интеграциялық институттарының күшейтілуі бағыттарында жүргізіледі. Сонымен қатар аймақтың тұрақтылығын қамтамасыз ету, өзара тиімді, достық қарым-қатынастарды сақтап тұру әрі Ресей қызығушылықтарына қайшы келетін одақтар мен бірлестіктерге жол бермеу- ресейлік саясаттағы басым бағыттардың бірі. Аймақтағы қызығушылықтарға ие тағы бір геосаяси ойыншылардың қатарында Еуропалық Одақты атап айтпау қате болар еді. Еуропалық Одақ Орталық Азия мемлекеттерімен өзара достық, серіктестік қарым-қатынастар орнату әрі бірқатар көптеген салаларда серіктестік жүргізіп жатыр. Әсіресе аймақтың ЕО үшін ресурстық потенциалы және энергия көздерін тасымалдаудың әртараптандыру мәселесінде аса маңызды рөл алатынын ұмытпау керек.

Қытай жобаларындағы маңызды сұрақтардың бірі - шекаралардың қауіпсіздігі. Ол екі басты мәселеден тұрады: шекаралық территориялардың тұрақтылығын сақтап тұру, бұл аймақ халықтарының қауіпсіздігі мен экономикалық өркендеуін, сондай-ақ шекарадағы бейбітшілік пен тұрақтылықты, достық пен тату көршілік саясат жүргізу арқылы қамтамасыз ету.

Қытайды, ұйғыр ұлттық азшылығы тұратын, батыс Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы (ШҰАА) қауіпсіздік мәселесі алаңдатуда. Ұйғырлар бірнеше ондаған жылдар бойы автономия мен тәуелсіздікке ұмтылды. Бұл көтеріліс басылып, автономияны қолдаушылар сепаратистер деп жарияланды. Бүгінгі күні, ұйғырлар, тәуелсіздік алу идеясынан бас тартпай, Орталық Азия елдерінің өз мәселелеріне қатысты қолдау көрсетуін күтіп отыр. Оған қоса, статистика бойынша, қазіргі уақытта 300 мыңнан астам ұйғыр Орталық Азия елдерінде тұрады, олардың 210 мыңы Қазақстанда, 46 мыңы Қырғызстанда, ал 30 мыңы Өзбекстанда тұрады. Шекараның екі жағында тұратын Ұйғыр диаспорасының автономия идеясын жүзеге асыру бойынша бірлескен күш-жігерлері, елдегі құлдырау қаупін тудыратынына байланысты, Қытай үкіметінің алаңдаушылығын туғызады. Қытай ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Шекара бойындағы Бейбітшілік пен тату көршілік қарым-қатынастарды нығайту туралы шартына қол қоюы, ұйғыр диаспорасының Орталық Азия елдерінде қолдау табу ниетін шектеп, тоқтатуына үміттенеді.

Қытайдың аймақтағы ең маңызды қызығушылықтарын анықтау үшін, бір мәселенің шешілуінің басқаларына әсер ету деңгейлері арқылы анықталатын матрица құрастырылды.

Талдауға сәйкес, Қытай мемлекетінің Орталық Азияда жүргізіп жатқан барлық іс-әрекеттерінің ішінен геосаяси қызығушылықтарының басым екендігін көруге болады. Аймақтағы келесі маңызды мәселелердің қатарында - экономикалық, ресурстық қызығушылықтарды айтуға болады. Алайда бұл қызығушылықтардың пайда болуы мен жүргізілетін іс-әрекеттердің түбіндегі басты себебі- стратегиялық жоспарланған геосаяси

мақсаттардың бар болуы деген пайым бар.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://stat.gov.kz/getImg?id=ESTAT209847>
2. <http://stat.gov.kz/getImg?id=ESTAT105723>
3. <http://ru.ce.cn/>
4. <https://stat.uz/ru/>
5. <https://www.bp.com/content/dam/bp/pdf/energy-economics/statistical-review-2016/bp-statistical-review-of-world-energy-2016-full-report.pdf>
6. [https://forbes.kz/process/probing/v\\_rk\\_rabotayut\\_22\\_neftyanyie\\_kompanii\\_s\\_kitayskim\\_uchastiem](https://forbes.kz/process/probing/v_rk_rabotayut_22_neftyanyie_kompanii_s_kitayskim_uchastiem)
7. <https://neftegaz.ru/news/view/149466-Kitay-poluchil-1386-mlrd-m3-gaza-iz-Turkmenistana-po-seti-gazoprovodov-Tsentralnaya-Aziya-Kitay>

УДК 327.8

### ПОЛИТИКА РК ПО ВОПРОСАМ ЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ НА БЛИЖНЕМ ВОСТОКЕ

**Алькеев Ануар Казбекович**

*[alkeev.anuar@mail.ru](mailto:alkeev.anuar@mail.ru)*

Докторант 1 курса специальности «6D020200 - международные отношения» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Научный руководитель: к.п.н., и. о. профессора А.Н. Жолдасбекова

Прежде чем перейти к основному содержанию статьи, необходимо выделить актуальность выбранной нами темы исследования, которая в свою очередь заключается в попытке совместить в работе два важных аспекта.

Первый аспект проблемы заключается в том, что за последние несколько лет многовекторная внешняя политика Республики Казахстан (далее - РК), составной частью которой является и ближневосточная и сегодня позволяет нашей стране решать одновременно решать ряд задач. Таковой характер дипломатии, дает положительные плоды в отношении государств, интересы которых противоположны друг другу.

Например, нашей стране за 26 лет и особенно в последние годы удается выстраивать благожелательные социально-экономические отношения с Израилем и одновременно поддерживать право на политическое самоопределение арабского народа Палестины, вплоть до признания Палестины полноправным государством членом международного сообщества.

Второй же аспект заключается в том, что в статье рассматривается особенности обеспечения человеческой безопасности на примере ближневосточного региона в ракурсе внешней политики РК. Впервые определение понятия «человеческая безопасность» (Human Security) появилось в 1994 г. в докладе ООН «Human Development Report», который представлял одну из ежегодных публикаций Программы по развитию ООН (the United Nations Development Programme - UNDP) [1, с. 1]. В соответствии с данной зарождающейся концепцией человеческая безопасность состоит из 7 элементов. Все они имеют место в вышеуказанном Докладе ООН от 1994 года [2, с. 1].

Кроме того, практически каждая из них начиная от продовольственной безопасности заканчивая «безопасностью сообщества», на наш взгляд имеет прямое отношение к Палестинской проблеме в системе региональной безопасности Ближнего и Среднего Востока (далее - БСВ). Изучив данные поставленные вопросы, мы сделаем попытку определить характер и особенности внешнеполитических направлений РК как в региональном, так и в глобальном масштабе и определить значение вышеупомянутых